

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



Факультет деканы Байғалиев К.А.

«8D01-Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша «8D0120
Кәсіптік оқыту (бейіні бойынша)» кадрларды даярлау бағытының
D200-Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау (сала бойынша) білім
беру бағдарламалары тобы бойынша докторантураға (PhD) оқуға
түсушілерге арналған емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы:
8D02001 – Кәсіптік оқыту (сәндік-қолданбалы және көркем өндіріс)

«D007-Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтарын даярлау» білім
беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға түсу емтиханының
бағдарламасы «21» маусым 2024 ж., «Көркем білім» кафедрасының
отырысының № 10 хаттамасымен талқыланды»

Кафедра меңгерушісі:  Асембайұлы Е.

Бағдарлама факультет кеңесінің «27» маусым 2024 ж.,
№ 10 хаттамасымен ұсынылды

Алматы, 2024

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. «(Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2023 жылғы 21 шілдедегі № 327 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 31.10.2018 ж. № 600 бұйрығы (14.05.2024 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде әзірленді.

PhD докторантураға, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Докторантураға түсетін өтініштерді қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы жылына 2 рет (app.testcenter.kz) келесі мерзімдерде жүргізіледі: 1) күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін; 2) күнтізбелік жылғы 25 қазаннан 10 қарашаға дейін. Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін

Докторантураға түсушілер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттар ұсынады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантураға түсу үшін конкурстық және ақылы негізде КТ нәтижелері бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар қабылданады.

Қысқы қабылдауға түсушілер ҰБДБ-да "білім алушы" мәртебесіне ие болмауы керек.

Докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс отілі бар адамдар қабылданады.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін қосымша тестілеуді тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады. «Өтті» деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның «жеке кабинеті» арқылы жолданады

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсу емтиханын 5-қосымшаға сәйкес докторантураның білім беру бағдарламасына қабылдауды жүзеге асыратын Абай атындағы ҚазҰПУ дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын түсетін Абай атындағы ҚазҰПУ ғана тапсырады.

Компьютерлік форматта докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан тұрады:

1) оқуға түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу

2) эссе жазудан;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 9-қосымшасына (приказ №600 МОН РК от от 31 октября 2018 года) сәйкес қорытынды баға эссені бағалау, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар мен әңгімелесу нәтижелеріні қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Докторантураға түсу емтиханына 3 сағат 30 минут (210 минут) беріледі, оның ішінде:

әңгімелесуге – 20 минут;

эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

Бұл ретте, көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған жағдайда түсу емтиханын тапсыруға 60 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.

Түсу емтиханының нәтижесі түсу емтиханы өткізілгеннен кейін келесі күні жарияланады.

Түсу емтиханының және (немесе) апелляцияға өтінішті қарау (апелляцияға өтініш берген жағдайда) нәтижелері бойынша түсушіге ҰТО-

ның сайтында жарияланатын және түсушінің жеке кабинетіне жолданатын электрондық сертификат беріледі.

Түсу емтиханының электрондық сертификаты ҰТО-ның сайтында расталады:

4 мен 20 тамыз аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

Докторантураға түсетін адамдар үшін әңгімелесуді ЖЖОКБҰ "Эссе жазу" және «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар» блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін дербес жүргізеді

Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми - зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Әңгімелесу міндетті түрде бейне байланысты пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады.

Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Оқуға түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды

ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді..

«8D01-Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша «8D0120 Кәсіптік оқыту (бейіні бойынша)» кадрларды даярлау бағытының D200-Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау (сала бойынша) D200-Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау (сала бойынша) білім беру бағдарламалары тобы бойынша докторантураға (PhD) түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және Қбылдау қағидаларының 6-қосымшасына сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан босатылады.

Сертификат балдарын эссе жазу балдарына ауыстыру білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берілген кезде және Абай атындағы ҚазҰПУ-ға ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде жүзеге асырылады. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін университеттің қабылдау комиссиялары тексереді.

Докторантураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша

түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын докторантураға түсу емтиханы балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Қабылдау емтиханының блоктары	Балдар
Verbal Reasoning	149 баллдан кем емес	Эссе жазу	5
Verbal Reasoning	160 баллдан кем емес	Эссе жазу	7
Verbal Reasoning	165 баллдан кем емес	Эссе жазу	10

Докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы

Тест түрлері	Балл
ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы оқуға түсушімен өткізетін әңгімелесу	30
Эссе	20
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы	100

2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі.

"D007-Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтарын даярлау" білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер мотивациялық эссе жазады. Эссе көлемі-250-300 сөзден кем емес.

Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Ескерту: емтихан сұрақтары талаптарға сәйкес әзірленді және бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы, бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі, көркем-эстетикалық білім берудің мазмұнын айқындайтын графика мен жобалауды оқыту әдістемесі, сондай-ақ бейнелеу өнері қайраткерлерінің шығармашылығы, оның ішінде ежелгі, классикалық және қазіргі заманғы негіздері сияқты бағыттарды қозғайды.

«D200-Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау (сала бойынша)» білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар.

Пән: ПЕДАГОГИКА

1-тақырып: Қазіргі жағдайда білім берудің басым рөлі

Тақырыпшалар: қазіргі мәдениеттегі білім берудің орны мен рөлі. Білім берудің әлеуметтік маңызы. "Білім" ұғымының үш мағынасы. Білім құндылық ретінде. Білім процесс және нәтиже ретінде. Білім жүйе ретінде. Білім-адамның жеке және кәсіби дамуының факторы. Қазіргі білім беру парадигмасы: тұлғаға және нәтижеге бағдарлану. Білім беру саласындағы өзгерістерге әсер ететін факторлар. Әлемдік білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. Заманауи білім беруді дамытудағы жетекші әлемдік үрдістердің бірі ретінде үздіксіз, ашық білімге көшу. Қазіргі әлемдегі орта білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары.

2-тақырып: Педагогикалық кәсіп пен қызметтің жалпы сипаттамасы

Тақырыпшалар: мамандық және мамандық туралы түсінік. Педагогикалық мамандықтың пайда болуы және қалыптасуы. Педагогикалық мамандықтың ерекшелігі, оның гуманистік сипаты. Мұғалімнің еңбек профессиограммасы мұғалімнің жеке басының моделі ретінде. Педагогикалық қызмет әлеуметтік қызметтің ерекше түрі және оның ерекшеліктері ретінде. Кәсіби педагогикалық қызметтің мәні, құрылымы және мазмұны. Мұғалім қызметінің объектісі-педагогикалық процесс. Мұғалім-мұғалім және тәрбиеші қызметінің ерекшеліктері. Педагогикалық қызметтің функциялары.

3-тақырып: Мұғалімнің жеке басы және оның кәсіби құзыреттілігі

Тақырыпшалар: педагогикалық кәсіп және педагогикалық қабілеттер педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық негіздері ретінде. Мұғалімнің педагогикалық қабілеті мен беделі. Бағыт мұғалімнің кәсіби маңызды сапасы және оның ерекшеліктері ретінде. "Құзыреттілік", "құзыреттер", "мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі" ұғымдарының мәні. Кәсіби құзыреттілік және педагогикалық шеберлік. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігін дамытудың негізгі жолдары. Кәсіби рефлексия және кәсіби өзін-өзі тану мұғалімнің сәтті жұмысының факторлары ретінде

4-тақырып: Мұғалімнің үздіксіз кәсіби өсу факторлары

Тақырыпшалар: «Үздіксіз білім беру» ұғымының мәні. Қоғамның тұрақты дамуының шарты ретінде тұлғаның үздіксіз білімі. Тұлғаның үздіксіз білім алуға дайындығы. Мұғалімнің кәсіби қызметі үшін үздіксіз білім берудің маңызы. Педагогикалық қарым-қатынас педагогикалық процесс субъектілерінің өзара әрекеттесуінің негізі ретінде. Педагогикалық қарым-қатынас стильдері. Педагогикалық қарым-қатынасты іске асыруға қойылатын талаптар. Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу қазіргі мұғалімнің жеке басының даму факторы ретінде, оның мұғалімнің кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу ерекшеліктері. Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыру, құралдары, нысандары, әдістері. Педагогикалық рефлексия өзін-өзі тәрбиелеудің негізі ретінде. Өзін-өзі

тәрбиелеу норма ретінде, қазіргі жағдайда мұғалімнің кәсіби қызметінің түрі және мұғалімнің жеке басын өзін-өзі дамыту құралы ретінде.

5-тақырып: Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогика

Тақырыпшалар: Педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуы. Педагогика қазіргі адамзат білімінің саласы ретінде. Педагогика ғылым ретінде. Педагогиканың объектісі, пәні және функциялары. Қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі педагогикалық ғылымның міндеттері. Педагогиканың негізгі категориялары (тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық процесс), олардың өзара байланысы. Педагогикалық ғылымдар жүйесі. Педагогиканың философиямен, психологиямен, әлеуметтанумен, физиологиямен және басқа ғылымдармен байланысының формалары.

5-тақырып: Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері.

Тақырыпшалар: Педагогика ғылымының әдіснамасы және педагогтің әдіснамалық мәдениеті туралы түсінік. Педагогика әдіснамасының деңгейлері. Философиялық заңдар, заңдылықтар. Диалектика заңдары, олардың әмбебап сипаты. Таным теориясы. Жүйелік тәсіл құбылыстардың әмбебап байланысының көрінісі ретінде. Тұлға теориясы. Қызмет теориясы. Құндылықтар теориясы. Басқару теориясы. Әлеуметтену теориясы. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің мәні мен мазмұны. Педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру. Педагогикалық ғылымның әдістері

6-тақырып: Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі оқыту технологиялары.

Тақырыпшалар: Педагогикалық технология туралы түсінік. "Әдістеме", "технология", "оқыту технологиясы", "педагогикалық технология" ұғымдарының арақатынасы. Педагогикалық технологиялардың негізгі сипаттамалары. Педагогикалық технологиялардың функциялары. Педагогикалық технологиялардың түрлері. Тұлғаға бағытталған білім беру технологиялары. Ұжымдық танымдық қызмет технологиясы. Оқушылардың ұжымдық танымдық қызметі біртұтас педагогикалық процестегі ынтымақтастық технологиясы ретінде. Проблемалық оқыту технологиясы. Оқытудың жобалық технологиясы. Қазіргі мектептегі оқытудың ақпараттық және коммуникативтік технологиялары. Оқушылардың сыни ойлауын дамыту технологиясы.

Пән: «КӘСІПТІК ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР»

1-тақырып: Білім беру технологияларының интегралды сипаттамаларының мәні. **Тақырыпшалар:** «Технология», «білім беру технологиясы» және «педагогикалық технология» ұғымдары. Мақсат қою тәсілдері. Оқу мақсаттарының жіктелуі. Білім беру технологияларының жіктелуі. Кәсіптік білім берудегі дәстүрлі оқыту технологиясын жаңғыртудың тұжырымдамалық тәсілдері

2-тақырып: Оқушыларды кәсіптік даярлауда оқытуды даралау және саралау технологиясы.

Тақырыпшалар: Оқытуды даралау және саралау тұжырымдамасы. Оқытуды жекелендіру. Сараланған оқытудың негізгі принциптері. Сараланған оқыту формалары. Оқушылардың кәсіптік даярлауындағы сараланған оқытудың жалпы сипаттамасы

3-тақырып: Тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы

Тақырыпшалар: Тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасы. Оқушыларды кәсіби даярлау жүйесіндегі жеке тәсіл. Тұлғаға бағытталған оқыту модельдері. Жеке функциялар. Тұлғаға бағытталған оқытуға қойылатын талап.

4-тақырып: Оқу ынтымақтастығы технологиясы

Тақырыпшалар: Педагогикалық ынтымақтастықтың идеялары мен принциптері. "Ынтымақтастық" Ұғымы. Ынтымақтастық педагогикасы идеяларының жіктелуі. Негізгі белгілері ынтымақтастық. Дамып келе жатқан кооперация тұжырымдамасы. Педагогикалық принциптер: табиғаттылық, икемділік және динамизм, қосымша, белгісіздік, резонанс принципі.

5-тақырып: Проблемалық оқыту

Тақырыпшалар: Проблемалық оқытудың мақсаттары мен міндеттері. Проблемалық оқытудың негізін қалаушылар. Проблемалық жағдайлардың негізгі түсініктері, түрлері. Проблемалық оқытудың негізгі функциялары мен белгілері. Проблемалық оқытудың түрлері мен деңгейлері. Проблемалық оқытуды ұйымдастыру.

6-тақырып: Модульдік оқыту технологиясы

Тақырыпшалар: Модульдік оқытуды дайындау құрылымы, түрлері, принциптері, мәні мен кезеңдері. "Оқыту модулі" ұғымдары. Модульдің сипаттамасы. Модульдік оқытудағы мазмұн және педагогикалық бақылау. Модульдік оқытудың артықшылықтары.

7-тақырып: Оқытудың ақпараттық технологиялары

Тақырыпшалар: Заманауи ақпараттық технологиялар. Заманауи ақпараттық технологияларды дамыту. Қазіргі ақпараттық технологиялардың түсінігі, мақсаттары мен міндеттері. Оқытудың ақпараттық технологияларының сипаттамасы. Білім беру саласын компьютерлендірудің Қос сипаты. Мультимедиялық оқыту технологиясын қолдану

8-тақырып: Қашықтықтан білім беру

Тақырыпшалар: Қашықтықтан оқыту тұжырымдамасы, мақсаттары, міндеттері, қашықтықтан оқыту негізінде компьютерлік телекоммуникациялардың дидактикалық функциялары мен қасиеттері.

Қашықтықтан білім беру жүйелері мен әдістерінің жіктелуі. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың оқу-ақпараттық жүйесін автоматтандыру

9-тақырып: Этнопедагогикалық технологиялар

Тақырыпшалар: Этнопедагогикалық оқыту технологиясының мақсаттары мен міндеттері. Этно-педагогикалық технологияның принциптері. Халық даналығы. Этно мәдениеттің қалыптасуы. Тәрбиелік міндеттер. Тәрбие жүйесі мен кешенінің негізгі принциптері

10-тақырып: Жобалық оқыту технологиясы

Тақырыпшалар: Жобалық оқыту технологияларының мақсаттары мен міндеттері. Оқу жобасын әзірлеудің негізгі кезеңдері. Оқушыларды кәсіптік даярлау жүйесінде оқытудың "Жоба әдісі" және "жобалық әдісі" ұйымдастыру. Жобалық қызмет процесі. Оқу жобалау қызметінің құрылымы.

11-тақырып: Дуальды оқыту формасы

Тақырыпшалар: Дуальды оқытудың мәні мен түсінігі. Германияда және басқа Еуропа елдерінде дуальды оқытудың пайда болу және қалыптасу тарихы. Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқытуды енгізу мәселелері. Дуальды оқытуды ұйымдастыру. Оқу процесін құру ерекшеліктері.

12-тақырып: Кредиттік оқыту технологиясы

Тақырыпшалар: Кредиттік оқыту технологиясының негізгі міндеттері. Несиелік оқыту жүйесіне тән белгілер. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім алушыларды аралық аттестаттауды ұйымдастыру кредиттік оқыту технологиясы бойынша қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру".

13-тақырып: Интерактивті оқыту технологиялары

Тақырыпшалар: Оқытудың заманауи интеграциялық тұжырымдамалары. Педагогикалық білім беруді интеграциялаудың негізгі ережелері. Пәндік интеграцияның әдіснамалық тұжырымдамалары. Интегртивті таным түрлері. Мектептегі интегртивті оқыту мәселелері.

Бағалау критерийлері

Емтихан бағдарламасында ұсынылған барлық сұрақтар бакалавриат пен магистратураның негізгі бағдарламасына кіреді.

Талапкердің жауабын бағалау келесі критерийлер негізінде жүзеге асырылады:

ЕМТИХАН ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ ШКАЛАСЫ	
Балдар: 1 сұрақ -15; 2 сұрақ – 15; 3 сұрақ-20	
45-50	<ul style="list-style-type: none">- стилистикалық сауатты, сұрақтарға жауаптарды логикалық тұрғыдан дұрыс баяндайды;- теориялық ережелерді нақты мысалдармен суреттейді;- ғылыми терминологияның нақты қолданылуын көрсетеді- шығармашылық тәсілді қолдана отырып, практикалық тапсырманы толық көлемде орындайды
40-45	<ul style="list-style-type: none">- оқу материалын білмеу немесе түсінбеу салдары болып табылмайтын ғылыми терминологияны қолдану кезінде жеке қателіктер немесе дәлсіздіктер жіберді; - практикалық тапсырманы толық көлемде орындамады, тапсырманы орындау кезінде шығармашылық тәсілді қолданды:- жауаптың логикалық және ақпараттық мазмұнын бұрмаламаған шағын олқылықтарға жол берілді;- тұсаукесердің мәніне қатты әсер етпейтін шамалы дәлсіздіктерге жол берілді
35-40	<ul style="list-style-type: none">- ғылыми терминологияны қолдану кезінде қате немесе екіден көп кемшіліктер жіберілді- практикалық тапсырманы толық көлемде орындамады;- материалдың мазмұны толық емес немесе дәйекті түрде ашылған, бірақ мәселені жалпы түсіну және негізгі дағдылар көрсетілген, ұғымдарды анықтауда, терминологияны қолдануда қиындықтар немесе қателіктер болған;- практикалық тапсырманы толық көлемде орындамады;
25-35	<ul style="list-style-type: none">- материалдың мазмұны толық емес немесе дәйекті түрде ашылған, бірақ мәселені жалпы түсіну және негізгі дағдылар көрсетілген, ұғымдарды анықтауда, терминологияны қолдануда қиындықтар немесе қателіктер болған- практикалық тапсырманы толық көлемде орындамады
15-25	<ul style="list-style-type: none">- теорияны жаңа жағдайда және/немесе практикалық тапсырманы орындау кезінде қолдана алмады:- теориялық материалды білу кезінде негізгі дағдылар мен дағдылардың жеткіліксіз қалыптасуы анықталды.
10-15	<ul style="list-style-type: none">- терминологияны қолдану кезінде ұғымдарды анықтауда қателіктер жіберілді.
0-5	<ul style="list-style-type: none">- жұмыс тексерілетін пән бойынша міндетті білім мен дағдылардың жоқтығын көрсетті.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Әлімов А. Интербелсенді оқыту әдістерін ЖОО қолдану. – Алматы, 2009. – 263б..
2. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. -Алматы, 2004.
3. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы, 2014. – 360 б.
4. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. –Алматы, 2001.
5. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде /Аударған Д.А.Қайшыбекова. –Алматы, 2002. -180б.
6. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. -М.: Народное образование, 1998. 256 с.
7. Чупрасова В.И. Современные технологии в образовании. Владивосток, 2000. -54 с.
8. Сытина Н.С. Хрестоматия Теории и технологии обучения. -Уфа: Изд-во ВЭГУ, 2007. –260 с.
9. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе.: Контекстный подход методическое пособие. –М.: Высшая школа, 1991. -207с.
10. Папфилова А.П. Инновационные педагогические технологии: Активное обучение. Учеб.пособие для студ. вузов. — М.: Изд. центр «Академия», 2009. -192 с.
11. Буланова-Топоркова М.В., Духавнева А.В., Кукушин В.С., Сучков Г.В. Педагогические технологии. Серия «Педагогическое образование».-М.: ИКЦ «МарТ»; Ростов н/Д: Изд.центр «МарТ», 2004.-336 с.
12. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе информационно-коммуникационных средств. -М.: НИИ школьных технологий, 2004. -224 с.
- 13.Трайнев В.А. Информационные коммуникационные педагогические технологии (обобщения и рекомендации). Учебное пособие / В.А. Трайнев, И.В. Трайнев. - 4-е изд. - М.: Издательско-торговая корпорация "Дашков и Ко", 2009. - 280 с.
14. Педагогические технологии.Учебник для студентов пед. вузов. Под ред. Н.М.Борытко. -Волгоград: Изд-во ВГИПК РО, 2006. -59 с.
15. Современные педагогические технологии : учебное пособие для студентов-бакалавров, обучающихся по педагогическим направлениям и специальностям / Автор-составитель: О.И. Мезенцева; под. ред. Е.В. Кузнецовой; Куйб. фил. Новосиб. гос. пед. ун-та. – Новосибирск: ООО «Немо Пресс», 2018. – 140 с.
16. Современные образовательные технологии : учеб. пособие / М. С. Фабриков ; Владим. гос. ун-т им. А. Г. и Н. Г. Столетовых. – Владимир : Изд-во ВлГУ, 2021. – 224 с. – ISBN 978-5-9984-1285-1
17. Современные технологии начального образования: учебное пособие. – Елец: Елецкий государственный университет им. И.А. Бунина, 2019. – 86 с.
18. Вавилова, Л. Н. Использование современных технологий обучения в профессиональном образовании : учеб.-метод. пособие / Л. Н. Вавилова, М. А. Гуляева. – Кемерово : ГБУ ДПО «КРИПО», 2019. 140 с.

19. Кругликов, В. Н. Интерактивные образовательные технологии : учебник и практикум / В. Н. Кругликов, М. В. Оленникова. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва : ЮРАЙТ, 2018. 353 с.
20. Абрамов С.А. Организация обучения в среднем профессиональном образовании: учебное пособие. М.: ООО «Центр инновационного образования», 2019. 124 с.
21. Абрамов С.А. Основы среднего профессионального образования: учебное пособие. М.: ООО «Центр инновационного образования», 2021. 73 с.
22. Абрамов С.А. Современные методы и технологии обучения в профессиональном образовании: учебное пособие. М.: ООО «Центр инновационного образования», 2021. 183 с
23. Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения в организациях высшего и (или) послевузовского образования. Утверждены приказом Министра образования и науки РК от 20.04.2011 г. № 152
24. Правила организации дуального обучения. Утверждены приказом Министра образования и науки РК от 21.01.2016 г. №50.

Өнер факультеті
Академиялық комитетінің жетекшісі



Рабилова З.Ж.